



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ



# ADMISSION HANDBOOK

ОҚУҒА ТҮСУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

*Өзгермелі әлемде басқаруды үйретеміз*

## БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ

010000 Астана, Абай д. 33а  
+7 7172 75 32 68  
info@apa.kz

## ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫ

+7 7172 75 31 62; +7 7172 75 33 95;  
+7 7172 75 34 43  
admission@apa.kz

## ТЕХНИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ

+7 708 234 36 60; +7 778 225 92 47

### БІЗДІҢ РЕСМИ САЙТ



apa.kz

### ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ



admission.apa.kz

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР:



<https://www.facebook.com/academyofpublicadministration>




[www.instagram.com/apa.kz](https://www.instagram.com/apa.kz)

## МАЗМҰНЫ

Маңызды күндер .....	2
Құжаттардың тізімі .....	3
Білім беру бағдарламалары мен қойылатын талаптар .....	4
Конкурстық іріктеу кезеңдері .....	10
Конкурстық іріктеу кезеңдері туралы .....	11
Аналитикалық эссе .....	13
Сұхбат .....	14
Зерттеу тақырыбын таңдау туралы.....	15
QAZAQ RESMI TEST арқылы тілді білу деңгейін анықтау .....	16
Академияда оқудың артықшылықтары.....	17
Халықаралық ынтымақтастық .....	18
Жиі қойылатын сұрақтар .....	19

Аппарат акима Мендыкаринского района Костанайской области Аспенов М.Б.

## МАҢЫЗДЫ КҮНДЕР



## ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗІМІ

Құжаттарды тапсыру жүйесі:  
**admission.apa.kz**

1. Мемлекеттік органның жолдамасы\*.
2. Жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық нұсқасы.
3. Қосымшасы бар жоғары білімі туралы (магистратураға түсу үшін) немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы (докторантураға түсу үшін) құжаттың сканерленген нұсқасы.
4. B1-ден төмен емес деңгейдегі QAZAQ RESMI TEST ([www.qrt.kz](http://www.qrt.kz)) немесе ҚАЗТЕСТ ([www.kazakhtest.kz](http://www.kazakhtest.kz)) сертификаты (шетелдік азаматтарды қоспағанда).
5. MPP, MIR, DIR, DPA, DE, DDPА, DDPAm бағдарламаларына келесідей нәтижелермен халықаралық сертификаттардың (IELTS, TOEFL IBT немесе TOEFL ITP, TOEIC) бірі:
  - MPP, MIR – IELTS кемінде 4.0 балл, TOEFL IBT кемінде 29 балл немесе TOEFL ITP (LEVEL 1) кемінде 343 балл, TOEIC кемінде 405 балл, Duolingo English Test кемінде 60 балл;
  - DIR, DPA, DE, DDPА, DDPAm – IELTS кемінде 5.5 балл, TOEFL IBT кемінде 46 балл немесе TOEFL ITP (LEVEL 1) кемінде 417 балл немесе TOEIC кемінде 550 балл, Duolingo English Test кемінде 95 балл.
6. Мемлекеттік қызмет персоналы жөніндегі автоматтандырылған бірыңғай дерекқордан (ақпараттық жүйеден) алынған немесе жұмыс орны бойынша кадр қызметі растаған (мемлекеттік қызметшілер үшін) қызметтік тізім, өзге үміткерлер үшін – еңбек қызметін растайтын құжат.
7. Функционалдық жұмыс тәжірибесін талап ететін білім беру бағдарламаларына үміткерлер үшін қосымша жұмыс орнынан кадр қызметі растаған лауазымдық нұсқаулығы мен құрылымдық бөлімше туралы ереже.
8. Зерттеу жұмысы жоспарының жобасы (докторантура үшін).
9. Өтініш (ЭЦҚ-мен қол қойылған). Шетелдік азаматтар үшін өтініштің сканерленген нұсқасы.

*\* Мемлекеттік қызметшілер үшін жолдамаға үміткерді атқаратын лауазымына тағайындауға құқығы бар лауазымды адам қол қояды, бұл ретте дипломатиялық қызмет қызметкерлерінің – мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жолдамасына сыртқы саяси қызмет саласындағы ведомство аппаратының басшысы қол қоятын жағдайлар есептелмейді.*

# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ МЕН ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

## МАГИСТРАТУРА

Мемлекеттік тапсырыс	Ақылы
<b>МРА – Мемлекеттік басқару (1 жыл)</b>	
құжаттарды тапсыру сәтінде саяси қызметшілер, «А» корпусының мемлекеттік қызметшілері және «Б» корпусының А-3, В-3, С-3, С-О-2, D-3, D-О-2, Е-2 санаттарынан төмен емес мемлекеттік қызметшілер, не орталық не облыстық деңгейдегі құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органдардың басшы лауазымдарын атқаратын немесе Қарулы Күштердің әскери басқару органының немесе әскери оқу орындарының жедел-тактикалық деңгейінен төмен емес басшы лауазымдарды атқаратын мемлекеттік қызметшілер болып табылатын тұлғалар қабылданады. Оқуға түсу үшін мемлекеттік қызмет өтілі кемінде бес жыл, оның ішінде басшы лауазымдарда кемінде үш жыл не орта, ірі кәсіпкерлік, квазимемлекеттік сектор субъектілерінде, халықаралық, шетелдік, трансұлттық ұйымдарда немесе шетелдік мемлекеттік құрылымдарда басшы лауазымдарда кемінде үш жыл болуы талап етіледі	құжаттарды тапсыру сәтінде тиісті ұйымдарда кемінде бес жыл еңбек өтілі, оның ішінде басшы лауазымдарда кемінде үш жыл еңбек өтілі бар мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өкілдері қабылданады
<b>МРР – Мемлекеттік саясат (2 жыл)</b>	
құжаттарды тапсыру сәтінде «Б» корпусының А-4, В-4, С-3, С-О-4, С-Р-2, D-3, D-О-3, D-Р-3, Е-3, Е-Р-1 (бөлім басшысы), Е-Р-2, Е-Г-2 санаттарынан төмен емес мемлекеттік қызметшілер, не орталық не облыстық деңгейдегі құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органдардың басшы лауазымдарын атқаратын немесе Қарулы Күштердің әскери басқару органының немесе әскери оқу орындарының жедел-тактикалық деңгейінен төмен емес басшы лауазымдарды атқаратын мемлекеттік қызметшілер болып табылатын тұлғалар қабылданады. Оқуға түсу үшін мемлекеттік қызмет өтілі кемінде төрт жыл, оның ішінде басшы лауазымдарда кемінде бір жыл не орта, ірі кәсіпкерлік, квазимемлекеттік сектор субъектілерінде, халықаралық, шетелдік, трансұлттық ұйымдарда немесе шетелдік мемлекеттік құрылымдарда басшы лауазымдарда кемінде үш жыл талап етіледі	құжаттарды тапсыру сәтінде тиісті ұйымдарда кемінде үш жыл, оның ішінде басшы лауазымдарда кемінде екі жыл еңбек өтілі бар мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өкілдері қабылданады

## МАГИСТРАТУРА

Мемлекеттік тапсырыс	Ақылы
<b>ME – Экономика (2 жыл)</b>	
құжаттарды тапсыру сәтінде экономика салалары мен қаржы саласындағы саясатты қалыптастыру және/немесе іске асыру функциялары жүктелген, аталған салаларда кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар немесе экономика және қаржы саласында жоғары білімі болған жағдайда кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар, орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілер болып табылатын тұлғалар қабылданады	экономика салалары мен қаржы саласында кемінде үш жыл еңбек өтілі немесе экономика және қаржы саласы бойынша жоғары білімі болған жағдайда кемінде үш жыл жалпы еңбек өтілі бар мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өкілдері қабылданады
<b>MSHRM – Адами ресурстарды стратегиялық басқару (1,5 жыл)</b>	
құжаттарды тапсыру сәтінде мемлекеттік қызмет саласындағы кадр саясатын қалыптастыру және/немесе іске асыру функциялары немесе мемлекеттік органның персоналды басқарудың тұтас жүйесін қалыптастыру функциялары жүктелген, аталған салаларда кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар немесе адами ресурстарды басқару саласындағы мамандығы бойынша жоғары білімі болған жағдайда кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар, орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілер болып табылатын тұлғалар қабылданады	адами ресурстарды басқару саласында кемінде үш жыл еңбек өтілі бар немесе адами ресурстарды басқару саласындағы мамандығы бойынша жоғары білімі болған жағдайда кемінде үш жыл жалпы еңбек өтілі бар мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өкілдері қабылданады
<b>MRD – Өңірлік даму (1,5 жыл)</b>	
өңірлік даму және/немесе жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту салаларындағы саясатты қалыптастыру және/немесе іске асыру функциялары жүктелген, аталған салаларда кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар, орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілер болып табылатын тұлғалар қабылданады	өңірлік даму және/немесе жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту салаларында кемінде үш жыл жалпы еңбек өтілі бар мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өкілдері қабылданады

## МАГИСТРАТУРА

Мемлекеттік тапсырыс	Ақылы
<b>MDPA – Цифрлық мемлекеттік басқару (1 жыл)</b>	
құжаттарды тапсыру сәтінде цифрландыру, информатизация және жасанды интеллект салаларында саясатты қалыптастыру және/немесе іске асыру функциялары	цифрландыру, информатизация және жасанды интеллект саласында кемінде үш жыл еңбек өтілі бар немесе ақпараттық-

жүктелген, кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында жоғары білімі болған жағдайда кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар, орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілер болып табылатын тұлғалар қабылданады

коммуникациялық технологиялар саласында жоғары білімі болған жағдайда кемінде үш жыл жалпы еңбек өтілі бар мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өкілдері қабылданады

### **MDAАIPS – Мемлекеттік сектордағы цифрлық талдау және жасанды интеллект (1 жыл)**

мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша құжаттарды тапсыру сәтінде орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілері болып табылатын, мемлекеттік саясатты қалыптастыру, талдамалық сүйемелдеу және іске асыру, мемлекеттік бағдарламаларды стратегиялық жоспарлау, болжау, мониторингілеу және бағалау, цифрландыру, деректерді талдау, статистика, жасанды интеллектті қолдану және evidence-based шешімдер дайындау бойынша функциялар жүктелген, мемлекеттік қызмет өтілі кемінде үш жыл немесе мемлекеттік басқару, экономика, статистика, математика, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, деректерді талдау, жасанды интеллект және мемлекеттік қызмет өтілі кемінде үш жыл өзге де сабақтас бағыттар саласында жоғары білімі бар тұлғалар қабылданады

деректерді талдау, стратегиялық жоспарлау, мониторинг және бағалау, статистика, болжау, цифрландыру, талдамалық материалдарды дайындау, мемлекеттік саясатты зерттеу немесе жасанды интеллектті қолдану салаларында кемінде үш жыл өтілі бар мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өкілдері немесе жалпы еңбек өтілі кемінде үш жыл тиісті бағыттар бойынша бейінді жоғары білімі бар тұлғалар қабылданады

### **MIR - Халықаралық қатынастар (2 жыл)**

құжаттарды тапсыру сәтінде мемлекеттік қызмет жүйесінде халықаралық ынтымақтастық саласында кемінде үш жыл функционалдық еңбек өтілі бар немесе «Халықаралық қатынастар», «Халықаралық құқық», «Аударма ісі» немесе «Әлемдік экономика» мамандықтары бойынша жоғары білімі болған жағдайда кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің немесе халықаралық ынтымақтастық саласындағы саясатты қалыптастыру

құжаттарды тапсыру сәтінде халықаралық ынтымақтастық саласында кемінде үш жыл еңбек өтілі бар немесе «Халықаралық қатынастар», «Халықаралық құқық», «Аударма ісі» немесе «Әлемдік экономика» мамандықтары бойынша жоғары білімі болған жағдайда кемінде үш жыл жалпы еңбек өтілі бар мемлекеттік қызметшілер және

<p>және/немесе іске асыру функциялары жүктелген орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілері болып табылатын тұлғалар қабылданады</p>	<p>мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың және квазимемлекеттік сектордың субъектілерінің өкілдері қабылданады</p>
<p><b>EMPA - Мемлекеттік басқару (модульдік оқыту қағидаты бойынша) (1 жыл)</b></p>	
<p>–</p>	<p>құжаттарды тапсыру сәтінде басшы лауазымдарда кемінде екі жыл еңбек өтілі бар мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өкілдері, мәслихат депутаттары қабылданады</p>
<p><b>EMBA – Іскерлік әкімшілендіру (модульдік оқыту қағидаты бойынша) (1 жыл)</b></p>	
<p>–</p>	<p>мемлекеттік қызметшілерге, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өкілдеріне, құжаттарды тапсыру сәтінде басшы лауазымдарда кемінде екі жыл еңбек өтілі бар мәслихат депутаттары қабылданады</p>
<p><b>MRD - Өңірлік даму (модульдік оқыту қағидаты бойынша) (1 жыл)</b></p>	
<p>–</p>	<p>құжаттарды тапсыру сәтінде кемінде екі жыл жалпы еңбек өтілі бар мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың өкілдері, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өкілдері және мәслихат депутаттары қабылданады</p>

## ДОКТОРАНТУРА

Мемлекеттік тапсырыс	Ақылы
<b>DPA - Мемлекеттік басқару (3 жыл)</b>	
құжаттарды тапсыру сәтінде кемінде бес жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар мемлекеттік қызметшілер қабылданады	құжаттарды тапсыру сәтінде кемінде бес жыл жалпы еңбек өтілі бар мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өкілдері қабылданады
<b>DIR - Халықаралық қатынастар (3 жыл)</b>	
құжаттарды тапсыру сәтінде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің не халықаралық ынтымақтастық саласындағы саясатты қалыптастыру және/немесе іске асыру функциялары жүктелген орталық мемлекеттік органдардың және жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік қызмет жүйесінде халықаралық ынтымақтастық саласында кемінде бес жыл функционалдық еңбек өтілі және немесе «Халықаралық қатынастар», «Халықаралық құқық» «Аударма ісі» немесе «Әлемдік экономика» мамандықтары бойынша жоғары білімі болған жағдайда кемінде бес жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар мемлекеттік қызметшілері болып табылатын тұлғалар қабылданады	халықаралық ынтымақтастық саласында кемінде бес жыл еңбек өтілі бар немесе «Халықаралық қатынастар», «Халықаралық құқық» «Аударма ісі» немесе «Әлемдік экономика» мамандықтары бойынша жоғары білімі болған жағдайда кемінде бес жыл жалпы еңбек өтілі бар мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өкілдері қабылданады
<b>DE – Экономика (3 жыл)</b>	
құжаттарды тапсыру сәтінде, экономика салалары мен қаржы саласындағы саясатты қалыптастыру және/немесе іске асыру функциялары жүктелген, аталған салаларда кемінде бес жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар немесе экономика және қаржы саласында жоғары білімі болған жағдайда кемінде бес жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар, орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілері болып табылатын тұлғалар қабылданады	экономика салаларында және қаржы саласында кемінде бес жыл еңбек өтілі немесе экономика және қаржы саласында жоғары білімі болған жағдайда кемінде бес жыл жалпы еңбек өтілі бар мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өкілдері қабылданады
<b>DDPA – Цифрлық мемлекеттік басқару (3 жыл)</b>	
құжаттарды тапсыру сәтінде, цифрландыру, ақпараттандыру, жасанды интеллект	цифрландыру, ақпараттандыру, жасанды интеллект саласында кемінде

саласындағы саясатты қалыптастыру және/немесе іске асыру жөніндегі функциялары жүктелген, аталған салаларда кемінде бес жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында жоғары білімі болған жағдайда кемінде бес жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар, орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілері болып табылатын тұлғалар қабылданады

бес жыл еңбек өтілі немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында жоғары білімі болған жағдайда кемінде бес жыл жалпы еңбек өтілі бар мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өкілдері қабылданады

### DDPAt – Цифрлық мемлекеттік басқару (модульдік оқыту қағидаты бойынша) (3 жыл)

цифрландыру, ақпараттандыру, жасанды интеллект саласында кемінде бес жыл еңбек өтілі немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында жоғары білімі болған жағдайда кемінде бес жыл жалпы еңбек өтілі бар мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өкілдері қабылданады



## КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ КЕЗЕҢДЕРІ

### МАГИСТРАТУРА

	Іріктеу кезеңдері	Үлес салмағы
1	Аналитикалық эссе жазу	30%
2	Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде сұхбат (модульдік бағдарламалар үшін қазақ және орыс тілдерінде)	70%

### ДОКТОРАНТУРА

	Іріктеу кезеңдері	Үлес салмағы
1	Зерттеу жұмысы жоспарының жобасы (Research proposal)	25%
2	Аналитикалық эссе жазу	25%
3	Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде сұхбат	50%

Конкурс қорытындысына сәйкес жиналған баллдар жиынтығы бойынша магистратура мен докторантураның білім беру бағдарламалары бөлінісінде үміткерлердің сараланған тізімі жасалады.

## КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ КЕЗЕҢДЕРІ ТУРАЛЫ

### RESEARCH PROPOSAL (Зерттеу жұмысы жоспарының жобасы)

Жоспардың жобасын жазу формасы – еркін. Зерттеу жұмысы жоспарының жобасында зерттеудің өзектілігі, сыни талдауы, болжамды әдістері және проблеманы/мәселені шешудің ықтимал жолдары баяндалуы тиіс.

Жоба тек тақырыпты ашу үшін қажетті ақпаратты қамтуы керек, сауатты жасалуы керек, құрылымы қисынды, анық болуы керек.

Жоспардың жобасы автордың теориялық ұғымдарды, терминдерді, жалпылауды, дүниетанымдық идеяларды білетіндігін және мағыналы пайдаланатынын көрсетуі, сондай-ақ мәлімделген проблема/мәселе бойынша ұстанымның дәлелін қамтуы тиіс.

### Жоспардың жобасын дайындау кезінде мыналарды көрсету ұсынылады:



стратегиялық және сыни ойлау;



сандық, вербалды және басқа да ақпаратты талдай білу және зерделенген ақпарат негізінде сараланған шешімдер қабылдай білу;



жаңашылдық (инновативтілік) және өзгерістерді басқару (жаңа идеяларды ұсыну, ерекше шешімдерді табу, іс-қимыл нұсқаларын ұсыну);



академиялық жазылым талаптарына сәйкестігі, грамматикалық, орфографиялық және стилистикалық қатесіз құрылымдалған жазба (кіріспе, аргументациялық және аналитикалық бөлім, қорытындылар), әдеби дереккөздер дұрыс пайдаланылуы тиіс.

Жоспар жобасының көлемі 1500 сөзден аспайды.

## **ЖОСПАР ЖОБАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫНА ҮЛГІ: \***

### **1. Кіріспе (мәтіннің шамамен 20%-ы):**

- зерттеудің өзектілігі;
- зерттеу мәселесі;
- зерттеу мақсаты;
- зерттеу міндеттері;
- практикалық маңыздылығы.

### **2. Негізгі бөлім (мәтіннің шамамен 60%-ы):**

- әдеби шолу (Сізге дейін не зерттелген);
- зерттеу әдістемесінің болжамды сипаттамасы (зерттеуді қалай жүргізесіз);
- пайдаланылуы мүмкін деректердің сипаттамасы (статистикалық, сауалнамалар, жұмыс орнынан және т.б.);
- зерттеу нәтижелерін талдау және жалпылау.

### **3. Қорытынды және болжамды тұжырымдар (мәтіннің шамамен 20%-ы).**

### **4. Библиография (пайдаланылған дереккөздердің тізімі).**

*\*Зерттеу жұмысының бұл құрылымы мысал ретінде келтірілген. Зерттеу жұмысының құрылымы зерттеу проблемасына/мәселесіне және әдістемесіне қарай өзгеруі мүмкін.*



## АНАЛИТИКАЛЫҚ ЭССЕ

Аналитикалық эссе - бұл белгілі бір мәселе бойынша жеке ой-пікірі (ұстанымы) мен талдауын білдіретін еркін жазбаша жұмыс және ол кәсіби қызмет саласынан хабардарлығын анықтауға бағытталуы мүмкін.

Аналитикалық эссе мынадай үш құрылымдық компоненттен тұруы керек:



### Кіріспе

Кіріспе мәселені нақтылап, өз ой-пікірін (тезисін) ұсырудан, дәлелдеуге арналған контекстті жеткізуден тұрады.



### Негізгі бөлім

Негізгі бөлім өз тезисін түсіндіруден, белгіленген мәселе бойынша ағымдағы жағдайды, қолданыстағы заңнамалық негіздерді, дәлелдемелерді сипаттаудан және дәлелдер келтіруден, мәселені шешу жолдарын ұсырудан тұрады.



### Қорытынды

Қорытындыда бастапқы ойды (тезисті) түйіндеу бойынша тұжырымдар келтіріледі.

Аналитикалық эссенің көлемі 1000 сөзден аспауы тиіс.

Аналитикалық эссе кестеге сәйкес Жеке кабинет арқылы онлайн форматта жазылады, процесс бейнежазбаға жазылып, прокторинг жүйесімен және бөгде мәтінді пайдаланудың болуын тексеру қамтамасыз етіледі. Аналитикалық эссеге 60 минут беріледі.

Аналитикалық эссені бағалау критерийлері:



### Білім тереңдігі

Таңдалған дайындық бағдарламасы туралы білімі, кәсіби қызметтегі білімін қолдану, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды білу және талдау.



### Сараптауы (аналитикасы)

Дәлелдеу және дәлелдеме келтіру, мәселені шешу бойынша идеяларды синтездеу.



### Құрылымдылығы, нақтылығы

және ықшамдылығы Құрылымға сәйкес болу, жеткізу стилі, рефлексия.



### Сауаттылығы

Грамматикалық және стилистикалық қателіктердің болмауы, дәйексөздерді, дереккөздерге сілтемелерді келтіру деңгейі.

## СҰХБАТ

Сұхбаттың мақсаты үміткерлердің кәсіби және жеке құзыреттерінің деңгейін, оқуға деген ынтасын, мемлекеттік басқару жүйесінің стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын, нормативтік-құқықтық актілер мен заңнаманы білу деңгейін айқындау болып табылады.

Сұхбат қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ауызша жүргізіледі және процесс бейнежазбаға жазылады.

Сұхбат үміткердің Жеке кабинетінде көрсетілген кестеге сәйкес офлайн форматта жүргізіледі. Бір үміткермен сұхбат жүргізу уақыты 15 минуттан аспайды.



### Сұхбатты бағалау критерийлері:

#### 1) Білім тереңдігі.

Толық, егжей-тегжейлі, негізделген жауап. Өзінің кәсіби қызметінің бағыты бойынша хабардар болу деңгейі жоғары. Стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды терең білу және талдау.

#### 2) Өзін-өзі дамытуға ұмтылу.

Нақты білім мен дағдыларды алуға деген ынтасы, бағдарламаны таңдау және Академияға түсу мотивтері, өздерінің күшті және әлсіз жақтарын білу. Оқу аяқталғаннан кейін алынған кәсіби құзыреттерді қолдану перспективалары туралы пайымы (көзқарасы).

3) Стратегиялық ойлау. Саланың ұзақ мерзімді даму үрдістерін түсіну, мүмкіндіктер мен жетістіктің сыни факторларын көре білу. Тәуекелдерді және оларды жеңу жолдарын анықтау. Белгісіздік деңгейі жоғары жағдайларда жұмыс істеу тиімділігі.

4) Коммуникативтік дағдылар (үш тілде: қазақ, орыс, ағылшын). Жүйелілік пен логика, жеткізудегі дәлелділік, негізделген тұжырымдар мен практикалық ұсыныстар. Өз көзқарасын қысқаша, репрезентативті және толық жеткізе білу. Әңгімелесушіні әңгімеге тарта білу, жақсы әсер қалдыру (өзін көрсете білу қасиеті). Эмоциялық күйін бақылау.



## ЗЕРТТЕУ ТАҚЫРЫБЫН ТАҢДАУ ТУРАЛЫ

Зерттеу тақырыбын таңдау мемлекеттік қызметшілерді даярлау процесіндегі маңызды кезең болып табылады. Тақырып қызметкерді оқуға жіберетін мемлекеттік органның алдында тұрған өзекті міндеттерімен, функцияларымен және басымдықтарымен тікелей байланысты болуы керек. Бұл зерттеудің теориялық маңыздылығын, бітіруші түлек мемлекеттік органға оралғаннан кейін оны іс жүзінде қолдануын қамтамасыз етеді.

Тақырыпты қалыптастыру кезінде мемлекеттік органның стратегиялық мақсаттарын ескеру қажет. Тақырып ұйымның профиліне байланысты мемлекеттік басқаруды, экономиканы немесе әлеуметтік саланы дамытуға қатысты мәселелерді немесе қажеттіліктерді көрсетуі тиіс.

Зерттеу тақырыбында зерттеу пәні мен объектісі болуы қажет, тұжырым нақты және түсінікті болуы тиіс. Нақты терминдерді қолданып, түсініксіз немесе жалпы сөз тіркестерінен аулақ болу керек.

Зерттеу тақырыбын таңдауға жауаптылықпен қарау жобаны/диссертацияны сәтті қорғаумен қатар, мемлекеттік органның және бүкіл елдің дамуына нақты үлес қосуға ықпал етеді. Тақырып мемлекеттік органның басым міндеттерін ескере отырып, өзекті, нақты және пайдалы болуы керек. Бұл зерттеу нәтижелерін барынша тиімді пайдалануға және оларды практикалық қызметке енгізуге мүмкіндік береді.

## QAZAQ RESMI TEST ARҚЫЛЫ ТІЛДІ БІЛУ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУ


**QAZAQ RESMI TEST** – бұл онлайн тестілеу. Сіз өзіңізге ыңғайлы уақытта кез келген жоғары жылдамдықтағы интернет байланысы бар компьютерден **QAZAQ RESMI TEST** тапсыра аласыз.

Тест 5 бөлімнен тұрады, барлық бөлімдерден рет-ретімен өту керек. Сіз QR код арқылы сайтқа кіріп, тіркеуден өтіп, тегін сынақ тестілеуіне қол жеткізе аласыз.

	Бөлімнің атауы	Орындау уақыты
1.	Тыңдалым	10 минутқа дейін
2.	Лексика-орфография	10 минутқа дейін
3.	Оқылым	15 минутқа дейін
4.	Жазылым	15 минутқа дейін
5.	Сұхбат	10 минутқа дейін
	Барлығы:	60 минутқа дейін

Академия QRT тестін тапсыруға дайындық бойынша келесі кестеге сәйкес арнайы курстар өткізеді:

	Курстарға жазылу	Курс кезеңі
1 лек	01.04 - 12.04	20.04 - 06.05
2 лек	20.04 - 03.05	12.05 - 26.05



Сынақ тестілеуінен өту



QRT дайындық курсына жазылу

## АКАДЕМИЯДА ОҚУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

- ✓ Жергілікті атқарушы органдарда, мәслихаттар аппараттарында, тексеру комиссияларында, орталық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарының аумақтық бөлімшелерінде (астананы қоспағанда) конкурс өткізбей "Б" корпусының әкімшілік лауазымдарына оқу бітіргеннен кейін бір жыл ішінде орналасу мүмкіндігі («ҚР Мемлекеттік қызмет туралы» ҚР Заңының 15-бабының 5-тармағы);
- ✓ қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқыту;
- ✓ оқыту үшін шетелдік және қазақстандық жетекші сарапшыларды, мемлекеттік басқару және дипломатиялық қызмет саласындағы практик мамандарды тарту;
- ✓ әлеуметтік және кәсіби нетворкинг, өзара оқыту (peer learning);
- ✓ шетелдік серіктес жоғары оқу орындарында және зерттеу орталықтарында тағылымдамадан өту;
- ✓ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға түскендер үшін жұмыс орны мен лауазымының сақталуы, үздіксіз еңбек өтілі;
- ✓ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға түскендер үшін лауазымдық жалақы мөлшерінде стипендия;
- ✓ Жас мемлекеттік қызметшілерге арналған үйден бөлме беру.



## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТІМАҚТАСТЫҚ

Академия өзінің 32 жылдық қызметінде мемлекеттік басқару және мемлекеттік саясат саласындағы әлемнің жетекші университеттерімен жемісті қарым-қатынас жасап, **АҚШ, Бельгия, Италия, Франция, Финляндия, Сингапур, Түркия, БАӘ, Литва, Қытай, Болгария, Ресей Федерациясы, Грузия, Үндістан, Орталық Азия елдері, Әзірбайжан** және басқа елдердегі шетелдік әріптестерімен тығыз ынтымақтастық орнатты.

Академия **NISPAcee** (The Network of Institutes and Schools of Public Administration in Central and Eastern Europe) және **ASPA** (American Society for Public Administration) сияқты халықаралық қауымдастықтардың мүшесі бола отырып, **Erasmus+** халықаралық жобаларды іске асыруға белсенді қатысады. Академия іс-шараларға, форумдар мен конференцияларға қатысады және халықаралық деңгейдегі серіктестік қатынастарды нығайтуды көздейді.

### Негізгі халықаралық серіктестер



SeAMK

**S** Syracuse University  
Maxwell School of  
Citizenship & Public Affairs



**MRU**  
MYKOLAS ROMERIS  
UNIVERSITY

iD

**CityU**  
香港城市大學  
City University of Hong Kong



**VUB**



**SNA** Presidenza del Consiglio dei Ministri  
Scuola Nazionale di Amministrazione



**HACETTEPE**  
**ÜNİVERSİTESİ**

**Civil Service College**  
Singapore



**NISPAcee**  
THE NETWORK OF INSTITUTES AND  
SCHOOLS OF PUBLIC ADMINISTRATION  
IN CENTRAL AND EASTERN EUROPE

**ASPA**  
American Society for  
Public Administration

**WATER DIPLOMACY**  
PROJECT ERASMUS +  
101082976 - HWCA  
ERASMUS-EDU-2022-CBHE



Co-funded by  
the European Union

## ЖИ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР

### **Академияда оқыған уақыт мемлекеттік қызмет өтіліне есептеледі ме?**

Академияда оқыған уақыт мемлекеттік органның жолдамасы арқылы оқуға түскен мемлекеттік қызметшілер үшін ғана еңбек өтіліне есептеледі.

### **Уақытша орындағы мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде оқуға түсуге арналған конкурсқа қатыса алады ма?**

Жоқ, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде конкурсқа қатысу үшін мемлекеттік орган тұрақты штаттық лауазымдағы мемлекеттік қызметшіні жолдайды. Тиісінше, уақытша лауазымдағы мемлекеттік қызметшілер конкурсқа қатыса алмайды.

### **Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға түскен мемлекеттік қызметшілердің жұмыс орны сақталады ма?**

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға түскен мемлекеттік қызметшілердің жұмыс орны (лауазымы) Академия, білім алушы және мемлекеттік органның арасындағы үшжақты келісім шарттың негізінде сақталады. Академияда білім алу уақыты еңбекақы сақталмайтын демалысы болып ресімделеді.

### **Мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін растайтын сертификаттың жарамдылық мерзімі құжаттарды тапсыру кезінде аяқталған болса, оны ұсынуға болады ма?**

Жоқ, сертификат құжаттарды тапсыру кезеңінде оны жүйеге жүктеген уақытта жарамды болуы керек.

### **QAZAQ RESMI TEST қалай тапсыруға болады?**

1. Үміткер qrt.kz сайтында тіркелу қажет;
2. Төлем жүргізу қажет;
3. Өзіне ыңғайлы кез келген уақытта онлайн тестілеуден өтуге болады.

### **Академияның ақпараттық жүйесінде тіркелгеннен кейін таңдалған білім беру бағдарламасын өзгертуге мүмкіндік болады ма?**

Иә, таңдалған білім беру бағдарламасын ақпараттық жүйедегі жеке кабинетте құжаттар қабылдау мерзімінің соңына дейін, яғни ағымдағы жылғы 1 маусымға дейін өзгертуге мүмкіндік бар. Бұл жағдайда жаңадан таңдалған бағдарламаны көрсете отырып, мемлекеттік органның жолдамасын ауыстыру қажет болады.

### **Сұхбат барысында үміткерге қандай сұрақтар қойылады?**

Сұхбат кезінде үміткерлердің кәсіби және жеке құзыреттерінің деңгейін, оқуға деген ынтасын, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын, Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін білу деңгейін анықтауға арналған сұрақтар қойылады.

### **Модульдік білім беру бағдарламалары бойынша кімдер оқи алады?**

Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен, мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың өкілдері, квазимемлекеттік сектор субъектілері, мәслихат депутаттары.

### **Модульдік білім беру бағдарламалары бойынша оқытудың ұзақтығы қандай?**

Модульдік бағдарламалар бойынша оқу мерзімі - 12 ай. Оқу жылы 4 модульге бөлінген. Әрбір модуль офлайн форматтағы 2-3 апталық оқытуды қамтиды; қашықтықтан оқыту форматында 3 аптаны қамтиды. Сонымен қатар, білім беру бағдарламасы өндірістік практика мен тағылымдаманы, сондай-ақ магистрлік жобаны қорғауды көздейді.

### **Академияда оқу кезінде жатақханада бөлме беріледі ме?**

Жатақханадағы (Жас мемлекеттік қызметшілерге арналған үйден) бөлме оқуға түсушілерге Астана қаласында жылжымайтын мүліктің жоқ немесе бар екендігі туралы анықтамасы мен өтініші негізінде беріледі.

Аппарат акима Мендыкаринского района Костанайской области | Астана



